



Gaynar ЖАРАСОВА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

Елдік мұрат пен кемел әділет:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАРАДИГМАСЫ

БҮГІНГІ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ – АЛАШ АРЫСТАРЫ АРМАҢДАҒАН, ЗАҢ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН ҚОҒАМНЫҢ ЗАМАНАУИ ЖАЛҒАСЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗІНІҢ «TURKISTAN» ГАЗЕТИНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛАЙДАҒЫ СӨЗДЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ ЖАҢА ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ БАСТЫ МІНДЕТ ЕТІП ҚОЙДЫ.

Бұл – ТЕК ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ ЕМЕС, БҰЛ – САНАНЫҢ СІЛКІНСІ. АВТОРДЫҢ ПАЙЫМДАУЫНША, ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ТЕК ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРА ЕМЕС, ОЛ ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ АР-ОЖДАНЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНАН БАСТАУ АЛАТЫН РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ПРОЦЕСІ.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Халыққа қызмет ету – мінсезден» деген канатты сөзі бүгінгі мемлекеттік аппараттың моральдық-этикалық бағдаршамы іспетті болып кеткен. Мемлекет басшысы өзінің бағдарламалық сұхбаттарында және Ұлттық құрылтайдағы тарихи баяндамаларында Әділетті Қазақстанды құрудың негізгі тетігі ретінде «Заң мен тәртіп» және «Адал азамат» концепцияларын ұсынды. Маман ретінде менің айтқым келетіні – сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалаумен шектелмеуі керек. Жемқорлық тек заңнама бұзушылығы ғана емес, ұлттық кодқа түскен сызат. «Жан саулығы жақсы істен басталады» демекші, мемлекеттік қызметшінің әрбір шешімі оның ішкі тазалығының айнасы болуы шарт. Алайда, ашы да болса шындықты айтуымыз керек, бүгінгі күнгі статистикалық деректер әлі де болса толыққанды оң динамиканы көрсетпей тұр. Бұл біздің жүйедегі ішкі мәдениеттің заңнамамен ғана емес, ар-ождан деңгейінде де терең реформалауды қажет ететінін айқын белгісі.

Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді моделі – қоғамдық имунитет қалыптастыру. Мысалы, «Transparency International» рейтингінде жыл сайын көш бастайтын Дания мен Сингапурдың үлгісін талдау көрсеткендей, Данияда жемқорлыққа қарсы арнайы бір орган ғана емес, бүкіл мемлекеттік институттар, яғни полициядан бастап, аудит пен БАҚ-қа дейін біртұтас жүйе ретінде күреседі. Осы елдерде бұл кеселмен бүкіл қоғам бір мезгілде күреседі. Оларда «мен де осы жүйенің бір бөлігімін» деген түсінік азаматтардың санасына сіңген. Ал Сингапур үлгісі мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағдайын көтеруген қатар, «Integrity check» (адалдық тесті) жүйесін қатаң қолдану арқылы жемқорлықты «мүлдем тиімсіз» іске айналдырды.

Біздің елде де «сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүйесі бар, солар ұстасын» деген психологиядан арылып, әр азамат пара берудің де, пара алудың де мемлекет болашағына балта шабу екенін сезінуі тиіс.

Осы ретте Президенттің қатаң жазалаудан бұрын,

саласындағы, әдеп кодексінің талаптарының сақталуына бақылау жасайды.

«Көбіне жемқорлықты тек жоғары лауазымды тұлғалардың арасындағы мәселе деп түсінеді. Бірақ жемқорлық мәдениеті – мектептегі «баға алу үшін сыйлық беруден», ауруханадағы «кезексіз кіруден» басталады. Шын мәнінде, «алғыс» деп атайтын дүние – заң тілінде заңсыз сыйақы. Егер біз жемқорлықты жойғымыз келсе,

қоғам болып күресуіміз қажет. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бұл әрқайсымыздың ішкі мәдениетімізден, өз құндылықтарымыздан бастау алатын процесс. Мартин Лютер Кинг: «Шындық үшін күрес алатын адам ғана ұлы адам бола алады» дегендей, біз сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне, тіпті тұрмыстық деңгейдегі «алғыс» түріндегі сыйлықтарға да қатаң тыйым салып, ашықтық пен адалдықты мемлекеттік қызметтің символына айналдыруымыз керек.

Ол тек заңнан қорқу емес, әділетсіздікке деген жиіркеніш пен «нәдік төзімділік». Бұл мәселеге терең философиялық тұрғыдан үңілсек, сыбайлас жемқорлықпен күрестің тек «пара алуды» шектеумен ғана шешілмейтінін көреміз. Қоғам «пара беру» психологиясынан дәрігерін аулақ салуы тиіс. Өкінішке қарай, бүгінгі қоғамда көлік жүргізу куәлігін алу үшін білім алып, ізденудің орнына, лауазымды тұлғаларға немесе соларға теңестірілген адамдарға қаражат ұсынуы шешім ретінде көретіндер әлі де бар. Жол ережесін өрескел бұза отырып, заң алдында жауап беруден қашып, «құзырлы орган қызметкеріне қалай шығамын?», «тамыстар арқылы қалай шешемін?» деп делдал іздеу – құқықтық мәдениетіміздің әлі де болса ақап тұрғанының белгісі.

Абай атымыз айтқан «Толық адам» концепциясы – бүгінгі мемлекеттік қызметшінің идеалы. Егер мемлекеттік қызметші мемлекет қазынасынан қол сугуды өзінің ата-тегіне, ұрпағына таңба болатын үлкен ұят деп түсінсе, біз сонда ғана жеңіске жетер едік.

Маған бір тұлғадан берілген 100 нобель сыйлығының иегерлерінің сөзі жинағынан Мейрид Магуайрдың «Әділдіктің жемісін көргің келсе, озбырлықтың тамырына балта шап» деген сөзін көзім шалды. Бұл жерде үлкен мағына жатқанын бірі түсінсе, бірі шын жүрегімен сезінеуі мүмкін.

Бұған қоса, заңнамалық тұрғыдан мысал алсам, 2026 жылдың 5 наурызынан бастап күшіне енетін реформаның негізі болып табылатын Конституциялық Соттың шешімдеріне сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген тұлғалардың құқықтары нақтыланып, заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару тетіктері де бекітілді. Бұл өзгерістер бойынша мемлекеттік қызметшіге теңестірілген тұлғалардың кәсіпкерлік құқықтары нақтыланып, мемлекеттік қызметшілерге 5 пайызға дейінгі акцияларды еркін иелену («Халықтық ПРО») мүмкіндігі берілсе де, тәртіптік жауапкершілік еселеп артты. Яғни, бағыныштысының жемқорлық қылмысы үшін басшының дербес жауапкершілігі де қарастырылған. Егер басшы өз қалымында адалдық мәдениетін қалыптастыра алмаса, ол саяси сенімнен айырылады. Өткен жылдың өзінде 5 лауазымды

бағынысындағы қызметшінің заңбұзушылығы үшін қатаң сәгістен бастап атқаратын лауазымынан төмендетілген болатын. Бұл жердегі тұжырым, мемлекеттік қызметшілерге енгізілген шектеулер ол ел дамуы үшін болса, оларға берілетін мүмкіндіктер де өте көп екенін айтқым келеді.

Мемлекеттік органда қызмет атқару барысында заңнамалық актілердің қабылданып жатқанын көзімізбен көрсек те, оны жүзеге асыру жолында бірқатар тұлғалардың сол кеселге ұрынуының салдарынан мемлекеттік аппаратқа деген сенімнің азайып жатқаны анық. «Бір құмалақ бір қарын майды шірететіндігін» сонау ата-бабымыз айттып кеткен. Абай атамның жиырма тоғызыншы қара сөзінде айтылған «адал еңбекпен мал іздеме – ол арлы адамның ісі» деген және Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи. Арын сатпа, терің сат, алалды ізде, Гибадат пен адалдық, ар үшін жи» деген өлеңдегі өсиеттері – бүгінгі әрбір мемлекеттік қызметшінің басты кредосы болуы керек деген ой түйемін.

Жалпы, мен қызмет атқаратын Департамент бүгінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу және тұрақты мониторинг жасау арқылы жемқорлыққа жол ашатын бюрократиялық кедергілердің көзін жойып, мемлекеттік органдарды халыққа қызмет көрсететін «клиентке бағдарланған» моделге көшіру бағытында жүйелі жұмыс атқаруда. Өрине, қызмет барысында заңнама талаптарын бұзған лауазымды тұлғалар анықталып, оларға қатысты мемлекеттік қызметке бірнеше жылға шектеу қоюдан бастап, өмір бойына қызметтен аластату сияқты ең қатаң шаралар қолданылуда. Сонымен қатар, Департаменттің назарынан тыс қалмайтын маңызды бағыттың бірі – азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру. Дегенмен, қаншалықты қатаң жазалар қолданылғанымен, әрбір тіркелген заңбұзушылық тек мемлекеттік аппаратқа ғана емес, тұтастай мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретінін ескеруіміз қажет. Сол себепті де біз профилактикалық шараларға баса назар аударамыз. Себебі күнделікті тіршілікте нормативтік-құқықтық актілермен тікелей жұмыс істемейтін қатардағы азаматтар заңның әрбір тармағы мен тетігін жете білмеуі заңдылық. Сондықтан біз халыққа заң нормаларын ешбір бүкпесіз, қарапайым әрі қолжетімді тілде түсіндіру ауқымын кеңейту арқылы қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыруды басты міндет санаймыз.

Қорыта айтқанда, Мартин Лютер Кинг «Әділетсіз заң – заң емес, бірақ әділ заңды орындайтын – әділ адам» деген. Біз Атырау облысында заң мен тәртіптің, парасаттылықтың үстемдігін орнату жолында Алаш арыстарының аманатын ту етіп ұстаймыз. Әділетті Қазақстан бұл таза мемлекеттік қызметші мен сенімді азаматтың бірлестігі. Бұл трансформацияны жүзеге асыру – біздің маман ретіндегі ғана емес, ел алдындағы перзенттік борышымыз.

Әділетті Қазақстанды құру тек Президенттің немесе Мемлекеттік қызмет істері агенттігі желісінің ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің ар алдындағы міндеті. Біз сол жолда Алаш арыстары аңсаған, бабаларымыз бен аналарымыз қасық қанымен қорғаған азат елде жер басып жүрген әр қадамымыз мемлекетіміздің дамуына тікелей әсер ететінін ұмытпауымыз қажет. Адал қызметші мен адал азаматтың әрбір ісі егемендігіміздің нығайтып, еліміздің экономикалық және саяси қуатын арттыруға қосылған өлшеусіз үлес екенін кез-келген азамат әрдайым жадымызда ұстасақ деп аяқтағым келеді.

Құрметті салық төлеуші, Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті хабарлайды, Салық кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес Сізге 2026 жылғы 28 ақпанға дейін оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін хабарламаны ұсыну қажет.

Хабарлама ұсынылмаған жағдайда, сіз автоматты түрде жалпыға бірдей тәртіпке ауыстырыласыз.

Хабарламаны келесі тәсілдермен ұсынуға болады:
– Салық төлеуші кабинеті арқылы (ИСНА АЖ жүйесінде «Құжаттарды ұсыну» – «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама» бөлімі);
– «E-Salyq Business» арнаулы мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» – «Жеке кәсіпкердің салық режимін ауыстыру»);
– орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына қағаз түрінде;
– Kaspi Bank қосымшасында («Мемлекеттік қызметтер» – «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

ҚР Экология кодексінің (96-бабы) талаптарына сәйкес 2026 жылғы 16 наурызда сағат 10.00-де «Атырау облысындағы Құрлық кешені үшін 2026 жылға әсер етуге берілген экологиялық рұқсатты жаңарту өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау өтеді
Учаскенің географиялық координаттары: 47°15'19.980», 52°21'43.294».

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Оңтүстік - 47°11'05.40», 52°31'13.20». Батыс - 47°14'13.94», 52°22'29.23». Солтүстік - 47°18'19.14», 52°33'18.98». Шығыс - 47°13'37.25», 52°35'03.62». Өтетін орны: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор к.ә., Доссор кенті, Ф. Сүлейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйі». Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады: <https://zoom.us/j/94565456482?pwd=a7aC6llw0PmR4KaswUi9aR8RaCbJhc.1>

конференцияның идентификаторы: 945 6545 6482, кіру коды: 246651

Бастамашы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 74 14

Әзірлеуші: «ЭКО-Астана НР» ЖШС Мекен-жайы: Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 58/1, 10-кеңсе. эл. адрес: manager@ecoastana.kz телефон: +7(7172) 33 04 37 «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС Мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 40. эл. адрес: info@ecoexpert.kz телефон: +7(7212) 42 56 17 «Sustainable ecology development» ЖШС Мекен-жай: Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3. эл. адрес: sed@sed.kz телефон: +7(7272) 47 23 23, +7(7272) 47 26 26, +7(7272) 47 26 36 Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауға болады (Атырау к., Әйтеке би к., 77): atr_priroda@mail.ru, atr_priroda@atyrau.gov.kz

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk>

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен +7 (7122) 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

ҚР Экологиялық кодексінің (96-бап) талаптарына сәйкес 2026 жылдың 19-шы наурызында сағат 10.00-де «Атырау облысындағы теңіз кешеніне 2026 жылға әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім пакеті» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орны: Атырау облысы, Атырау қ.ә., Дамбы ауылдық округі, Дамбы ауылы, Мардан Арыстанова көшесі 30, Мәдениет үйі

Учаскенің географиялық координаттары: 46°26'13", 52°16'04". Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Оңтүстік - 46°13' 43,963», 52°15' 40,657». Батыс - 46°26' 34,977», 51°58' 47,734». Солтүстік - 46°38' 0,968», 52°16' 14,398». Шығыс - 46°26' 11,521», 52°33' 55,291». Бейнеконференц байланысқа сілтеме: <https://zoom.us/j/95398404129?pwd=eV15FPbPBMU1Qf8Wdf0Kqr3vsVzSwD.1>

Конференция сәйкестендіргіші: 953 9840 4129 Кіру коды: 821593

Жоспарланған қызмет бастамашысының атауы және байланыстары: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі 8, тел.: +7 (7122) 92 27 03

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«Sustainable ecology development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. +7 727 247 23 23, +7 727 247 26 26, +7 727 247 26 36, эл. адресі: sed@sed.kz

«ЭКО-Астана НР» ЖШС Адрес: Астана қ., Сығанақ көшесі 58/1, офис 10. эл. адрес: manager@ecoastana.kz телефон: +7(7172) 33 04 37 «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС Адрес: Қарағанды қ., Лобода көшесі, 40 гимарат. эл. адрес: info@ecoexpert.kz телефон: +7(7212) 42 56 17

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурстың мекен-жайы: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға болады (Атырау қ., Әйтеке би к., 77):

atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr_priroda@atyrau.gov.kz

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk>

Қосымша ақпаратты көрсетілген эл.пошта және телефон нөмірі бойынша алуға болады: Zhanat.Kozhan@ncoc.kz, +7 (7122) 92 27 03.

